

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

странами-донорами, бизнесом и гражданским сектором, для выражения общих измеряемых целей, а также для выработки механизмов их достижения, стимулирования, мониторинга и ответственности.

Международные соглашения реализуются через мероприятия и деятельность, осуществляемые, прежде всего, на уровне участвующих в них государств. Национальная имплементация включает в себя комплекс мер правового (принятие соответствующего национального законодательства), административно-организационного (создание новых или наделение соответствующей компетенцией имеющихся национальных органов), экономического (инвестиции и применение экономических рычагов воздействия) и социального (информация, образование и поощрение общественного участия) характера. Такая национальная деятельность должна подкрепляться на международном уровне контролем за соблюдением выполнения международных договоренностей и обязательств. При всем разнообразии международной практики на первый план сегодня выходит концепция комплексного (или интегрированного) регулирования управления трансграничными водными ресурсами.

В научной литературе публикаций, связанных с рассмотрением международно-правового режима трансграничных водных ресурсов, большое количество. Существует ряд работ по режиму Дуная, Рейна, Одера, Ганга и других международных рек, такие, как П. Казанский «Договорные реки: очерки теории и истории международного речного права», М.В. Почкаев «Международно-правовой режим судоходства по Дунаю» 1951 года.

Список использованных источников:

1. Конвенция ЕЭК ООН по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер. - Хельсинки, 1992. - С. 3.
2. Конвенция ООН о праве несудоходных видов использования международных водотоков. - Нью-Йорк, 1997.
3. Международное право. Т. 7. - М., 1992. – С340.автор Колосов Ю.
4. Материалы Душанбинской встречи Глав государств, от 5 октября 2002
5. Лукашук И.И. Международное право. Общая часть. Учебник. – М.: издательство БЕК, 1996. – 371 с.

УДК 340(075)

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗИЯНДЫ ӨТЕУДІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Акментаев Асанбай Төребайұлы

asa-akmentay@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ нің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - з.ғ.к., доцент Жусипова Б.А.

Қоршаған ортаға зиян келтіруді өтеу экологиялық құқықтық жүйедегі кешенді институттың бірі болып табылады. Осы институттың құқықтық мәні олармен субъективті экологиялық құқықтарды жүзеге асыру, адамдардың немесе азаматтардың экологиялық қызығушылығы, адамдардың шаруашылық және басқа да қызметтерін жүзеге асырумен

байланысты экологиялық құқық бұзушылықтың алдын алу функцияларын жүзеге асыру негізінде көрінеді.

Экологиялық зардаптың орнын толтыруды құқықтық реттеу жөніндегі сұрақтар қоғамның тұрақты дамуын міндетті қамтамасыз ету, қоршаған ортаға жағымсыз әсердің алдын алу мен жою және мемлекеттік емес ресурстарды қоршаған ортаны қорғау сферасына енгізумен байланысты елеулі мәселелерді қамтиды.

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қалпына келтіру мақсатына сәйкес шығынның негізгі бөлігі мемлекеттік бюджетке келеді. Табиғатты пайдаланушылардың қоршаған ортаға тигізген кері әсерлерінің нәтижесінде оларды жоюдың шығыны қоғамның негізгі шығынының орнын толтыра алмайды. Мұның себебі қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдаланушылар саласындағы зардаптың орнын толтырудың құқықтық базасының жеткіліксіздігін, құқық қолданушылық тәжірибенің дамымағандығын, зиянның орнын толтыру жөніндегі сұрақты шешудің ортақ методологиялық әдісінің жоқтығы.

Сотқа жіберілетін экологиялық құқық бұзушылық туралы арыздар зардаптың орнын толтырудың толық құнын төлеуді емес, ол тек қоршаған ортаға шектен тыс зиян келтірген кездегі өтем ақы төлеумен ғана шектеледі. Экологиялық зардаптың орнын толтыру моделін жасаудың мақсаты көп жоспарлы болып келеді. Бір жағынан, мұндай моделді жасау басты экологиялық проблеманы шешуге, оның ішінде қоршаған ортаны ластауды жою мен тоқтатуға бағытталған. Бірақ бұл тек осы мақсаттың бір аспектісі ретінде ғана танылады, сондай -ақ экономикалық мәнін ашып көрсетеді.

Еліміздің экономикасы дамыған сайын қоғамда өндіру мен пайдалану көлемдері ұлғайып келе жатыр, ол бір жағынан жергілікті халықтың қамтамасыз етілу мен пайдалану көрсеткіштерін жоғарылатады, ал екінші жағынан экологияға тұрмыстық, өндірістік және тағы басқа қалдықтардың әсері арқылы қоршаған ортаға келтіріп отырған залалдың үлесін арттырады. Қоршаған ортаны сақтау мен қорғау экологиялық зиянды, қауіпті қызметтерге сәйкес талаптарды қояды қажет етеді. Өнеркәсіптік дамудың табиғатқа әсерін толығымен тоқтатып тастау мүмкін емес, алайда қоршаған ортаны ластауға шектеулер қойылып, экологиялық заңнаманы бұзғаны және экологиялық залал келтіргені үшін құқықтық, экономикалық шара қолданылуы керек[1].

Қазақстандық заң ғылымдарында тыйым салуларға әртүрлі тәсілдер барлық зияндар үшін жауапкершіліктің екі тұжырымдамасын барынша аз көрсетеді. Мысалы, азаматтық-құқықтық жауапкершілік деп құқық бұзушы үшін қосымша ауыртпалықтармен байланысты тыйым салуларды ғана түсінген жөн, яғни, жасаған құқық бұзушылықтары үшін оған белгіленген жаза болып табылады. Сонымен қатар азаматтық-құқықтық жауапкершілік шаралары және заңмен көзделген өзге де азаматтық құқықты қорғау тәсілдерін айыра білу қажет, оларды азаматтық құқықтардың қорғау шаралары деп атауы орынды болар еді. Қорғау шаралары деп ескерту немесе құқық бұзушының алдын алуға, ал егер ол орын алған болса онда құқық бұзушылыққа дейін болған жай-күйді қалпына келтіруге бағытталған тыйым салуларды түсінген жөн. Қорғаудың мұндай шараларына, мысалы, құқықты бұзғанға дейінгі болған жай-күйді қалпына келтіру жатқызылады. Қорғау тәсілдері – шығындарды өтеу, моралдық зиянды өтеу, өзін өзі қорғау. Осылайша болу қажеттілігі жалпы ереже бойынша құқық бұзушының кінәсы болған жағдайда азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларын қолдану фактісінен туындайды, ал қорғаудың өзге де шаралары құқық бұзушының кінәсына тәуелсіз қолданылуы мүмкін.

Қоршаған ортаға келтірілген зиянды экономикалық бағалауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы лауазымды тұлғалар мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру барысында экологиялық заңнаманы бұзушылықтарды анықтаған кезде белгілейді. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғалары қоршаған ортаға залал келтіру фактісі анықталған күнінен бастап бір ай мерзімде қажетті материалдарды жинауды әрі талдауды жүргізеді және қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалауды айқындайды.

Залалды экономикалық бағалау қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жолымен келтірілген залалды толық жою мүмкіндігіне қарай тікелей немесе жанама әдістермен жүзеге асырылады.

Залалды экономикалық бағалаудың жанама әдісі қоршаған ортаға нақты әсер мен ластаушы заттардың барлық түрлері бойынша белгіленген нормативтер арасындағы айырмаға, сондай-ақ айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне, экологиялық қауіптілік пен экологиялық тәуекел деңгейлеріне негізделеді [2].

Экологиялық зиян үшін жауапкершілікке кең тәсіл оның сипатын кешенді, жинақты етеді, өйткені, ықпал ету шаралары мен азаматтық құқық тыйым салуларын қамтиды. Оның дербестігі тек жауапкершілік субъектілерінің ерекшелігінде ғана пайда болады, яғни, дербестің дәрежесі барынша аз. Егер тар мағынадағы заңды жауапкершілік сипатынан негізге алатын болсақ, онда жауапкершіліктің дербестігі тек оның субъектілерінің ерекшеліктерінде емес, белгілер жинағында көрініс табатындығын негізге алған жөн.

ҚР экологиялық кодексінің 319-бабында Экологиялық құқық бұзушылықтың түрлері көзделінген, яғни олар:

- 1) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын мүліктік жауапкершілікке әкеп соғатын бұзушылық;
- 2) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар;
- 3) экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар жатады[3].

Демек, экологиялық зиян үшін заңды жауапкершілік түрінің дербестігін мүліктік жауапкершілік деп атауға болады. Теориялық әдебиетте заңнамалық актілерде оны кейде азаматтық-құқықтық жауапкершілікпен де теңдестіреді[4,176].

Азаматтық-құқықтық қатынастар нақты мүлікке – тауар сипатындағы материалдық игіліктерге байланысты қалыптасады. Азаматтық құқықты реттеу пәніне кірмейтін мүліктік қатынастар өзге де салалардың реттеу пәніне (экологиялық, аграрлық, қаржы және т.б.) жатқызылады[5]. Осыған байланысты, экологиялық заңнаманы бұзушыларға тиімсіз мүліктік ықпал ету шараларын қолдану экологиялық мүліктік жауапкершілік ретінде қарастырылуы тиіс. Оны құрылымы және қорғалатын объектілері бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен айыра білген жөн. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік екі түрді қамтиды: шарттық және деликт (заң бұзушылық)

Мүліктік жауапкершілік экологиялық зиянды қолдану жағдайларында қолданылады. Оны қорғау объектілері болып табиғат объектілері мен ресурстары, қоршаған орта, азаматтардың денсаулығы мен мүлкі табылады. Тиісінше, мүліктік жауапкершілік құрылымы өзіне жауапкершіліктің экологиялық-мүліктік, экологиялық-ресурстық және экологиялық-жеке түрлерін қамтиды. Олар аталған қорғау объектілері келтірген зиян үшін экологиялық заңнамамен ұйғарылған теріс құқықтық салдарлардың шаралары ретінде түседі[6].

Баяндалғандарды ескере отырып, мынадай қорытындыларды жасауға болады: конституциялық және өзге де салаға жатқызылатын кейбір «шекара» заңдары бар, мысалы, экологиялық зиянды өтеумен орын алатын азаматтық құқық. Мұндай жағдай көбінесе заңдылыққа қарағанда қазақстан заңының кемшілігі болып табылады. Бұл зиян үшін конституциялық, азаматтық және экологиялық жауапкершілікті ажыратудағы қиындықты туғызады. Экологиялық зиян үшін мүліктік жауапкершілік көздерінің жүйесін, нормативтік құқықтық актілердің иерархиясын анықтау қажет. Заң болашағында негіздерді ғана емес, сонымен қатар субъектілерін қарастыратын барлық экологиялық құқық бұзушыны шоғырландыратын экологиялық ұйғарымдарды орындамағаны үшін тыйым салуларды жасау қажет.

Мүліктік жауапкершілік тек құқық бұзушылыққа қарсы ғана туындайтындығына байланысты экологиялық құқық бұзушылық ұғымын білдіру маңызды.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдарды бұзғаны үшін заң алдындағы жауаптылық Қазақстанда экологиялық заңдардың бұзылуы кең тараған. Қоршаған ортаны қорғауға байланысты мемлекет белгіліген ережелерді бұзу заң бойынша жауапкершілікке соқтырады [7]. Өкінішке орай, елімізде экологиялық заңдарды бұзатын жағдайлар жиі кездеседі.

Жалпы құқық теориясына сәйкес экологиялық құқық бұзушылық өз құрылымы бойынша объекті, субъекті, объективті және субъективті тараптардан тұрады.

Азаматтық-құқықтық жауаптылық азаматтарға экологиялық зиянның орнын толтыру үшін ақшалай немесе мүліктік айыппұл салуды көздейді. Ол кінәліні қылмыстық, әкімшілік немесе басқа да жауаптылыққа тартуға қарамастан бастала береді. Тәртіптік жауаптылыққа— кәсіпорындарда табиғатты қорғау шараларын өткізуге жауапты және өзіне жүктелген міндеттерді орындай алмайтын лауазымды қызметкерлер тартылады.

Материалдың жауаптылық деп кәсіпорын қызметкері өзіне жүктелген еңбек міндеттерін дұрыс орындамағаны нәтижесінде оның кінәсінен кәсіпорынға келтірілген мүліктік зиянды ендіруді айтамыз. Сонымен, экологиялық мәселелерді бірігіп шешу қажет. Табиғаттың ластануы, бұлінуі аясындағы өзекті мәселелерді тек мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар бірлесе отырып ғана шеше алады.

Қорғау объектілері бойынша экологиялық құқық бұзушылықтар салалық белгілеріне сәйкес бөлінеді. Жер, су, орман құқық бұзушылықтары, жер қойнауы туралы, атмосфералық ауаны қорғау туралы, жануарлар әлемін қорғау және пайдалану туралы заңналарды бұзу болып бөлінеді. Әрине, аталғандардың барлығы да экологиялыққа жатқызылмайды. Бұл жерде табиғат ортасына зиян келтіру – экологиялық құрамның жалпы критерийлері қолданылады. Осы себептерге байланысты, мысалы, экологиялыққа жер құқық бұзушылықтары жатқызылмайды. Жердің ластануынан, тозуын, иесіз пайдаланудан қорғау мәселесі және екінші – иелену, меншік иесі және жалдау бойынша жер учаскесінің жер пайдаланушыларының құқықтары бұзылатын басқа мәселе тұрады. Бұл жағдайда ауыл шаруашылығында жерді пайдаланумен байланысты жер-шаруашылық қатынастар туындайды[8,6б.].

Зиянды толық өтеу принципін бекіте отырып заң шығарушы сонымен бірге зиянды өтеуден жоғары төлемді қарастырады. Бұлар ең алдымен азамат денсаулығына зақым келу мен өлім себептеріне қолданылады.

Заңда зиянды толық өтеуден оны азайту жағына қарай алып тастау қарастырылады. Атап айтқанда, бұл өте қажеттілік жағдайында келтірілген шығын жағдайларында орын алуы

мүмкін. Егер шегінен асып кетпесе, қажетті қорғану жай-күйінде келтірілген шығын өтелуі тиіс.

Азаматтық заңнаманың ережелерін талдау оны тағы да бірқатар құқықтық принциптерге бөлуге мүмкіндік береді, мұны экологиялық шығынды өтеу туралы экологиялық заңнаманы қолдана отырып ескерген жөн.

Заңсыз әрекеттермен келтірілген зиян заңмен көзделген жағдайларда өтелуі тиіс.

Егер зиян жәбірленушінің өтініші немесе келісімі бойынша келтірілсе, ал зиян келтірушінің іс-қимылы қоғамдық рухани принциптерді бұзбайтын болса, зиянды өтеуден бас тартылуы мүмкін.

Болашақта зиян келтіру қаупі осындай қауіпті жасайтын қызметке тыйым салу туралы талапқа негіз болып табылады.

Еңбек міндеттерін (қызметтік, лауазымдық) орындау кезінде келтірілген шығынды заңды тұлға не болмаса азамат өтейді.

Азаматқа немесе заңды тұлғаға келтірілген шығын мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдарының не болмаса осы органдардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері нәтижесінде, оның ішінде заңнамаға қарсы мемлекеттік басқару немесе жергілікті өзін өзі басқару органының актіні шығару нәтижесінде азаматқа немесе заңды тұлғаға келтірілген зиян өтелуі тиіс. Бірлесе зиян келтірген тұлғалар жәбірленушілер алдында бірлесе жауап береді.

Біз мүліктік жауапкершілік салудың барынша маңызды жалпы азаматтық принциптеріне талдау жүргіздік, олар экологиялық құқық бұзушылықтармен келтірілген шығынды өтеу жағдайында ескерілуі тиіс.

Табиғатты қорғау заңнамасын бұзғаны үшін және табиғат ортасы мен адамзат денсаулығына зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалар тәртіптік әкімшілік, қылмыстық, азаматтық-құқықтық, материалдық жауапкершілікті, ал мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар – әкімдік және азаматтық-құқық жауапкершілікті алады.

Экологиялық (табиғат қорғау) заңды орындамағаны үшін кінәлілер экологиялық құқық бұзудың түріне байланысты жауапкершілікке тартылады. Экологиялық құқық бұзушылық - бұл табиғат қорғау заңын бұзу және адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянын тигізетін құқыққа қарсы іс. Тұлғаның экологиялық заңдарға қайшы келетін әрекеттері экологиялық құқық бұзудың белгілері болып табылады [9,73б].

Азаматтық заңнамада зиянды өтеу туралы істерді қарау тәжірибесінде қолданатын ережелер көзделінген мәселен ҚРАК-нің 917 бабында егер борышкер зиянды салдардың алдын алу үшін қолынан келген барлық мүмкіндіктерді қолданғанның дәлелдей алса, онда ол кінәсіз болып табылады. Демек зардап шегуші 931 бабының бөлігіне сәйкес қызметі қоршаған ортаны қорғауға күшті қауіп төндірумен байланысты заңды жеке тұлғалар кінәларының бар жоқтығына қарамастан өздері келтірілген зиянды өтеуге міндетті. Сондықтан объектінің экологиялық қауіпті объектілерге жататыны туралы мәселе экологиялық зиянды өтеу туралы істерді қараудың тәжірибесі үшін маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі 951-бап. Моральдық зиянды өтеу зиян азаматтың өмірі мен денсаулығына жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілсе жағдайларда өтеледі[10].

Сонымен, табиғат ортасына келтірілетін нұқсанды өтеу мәселесі бүгінгі таңда бірнеше бағытта шешіледі. Бұл арада да осы мәселеге азаматтық-құқықтық жауапкершілік тұрғысындағы жалпы көзқарасты сипаттай келе, мынандай қортынды жасағым келеді: Біріншіден, Экологиялық зиянды кең және тар мағынасында азаматтық құқық бойынша

қарастырылу ұсынады. Кеңейтілген мағынада экологиялық зиян бұл – табиғи ресурстарға кері әсерін тигізумен сипатталатын, бұзылған қоршаған ортаны қалпына келтіруге кететін бөлінген шығынды қолданбау және заңмен қорғалатын материалдық және материалдық емес пайданы азайтумен байланысты экологиялық заңнаманы бұзу нәтижесінде қоршаған ортаның кез-келген кері әсері бар өзгерістер. Тар мағынасында экологиялық зиян қайталанған зиянды қарастырмайды. Екіншіден, экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік тек қана азаматтардың экологиялық құқықбұзушылық жасаған жағдайда ғана азаматтық және экологиялық қағидалар бойынша жүзеге асады. Үшіншіден, берілген жағдайда азаматтық құқықтағы «экологиялық зиян» түсінігі шартты сипатқа ие. Құқықтық мағынада келтірілген азаматтық-құқықтық зиян табиғи нысан емес, табиғи ортаға зиян келтіру нысаны болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Стамкулов А. Возмещение экологического вреда. //Материалы XI Международной Атырауской правовой конференции. Предисловие Ж.С. Елюбаева. Атырау. СП «Тенгизшевройл». 2015. С.69-72.
2. Қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы N 535 Қаулысы. <http://adilet.zan.kz>.
3. Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі. <http://adilet.zan.kz>.
4. Карабулова Р.К. Гражданско-правовая ответственность за экологические правонарушения: автореф. ... канд.юрид.наук: 12.00.06. – Алматы: Академия МВД РК, 2000. – С. 17.
5. Сулейменов М.К. Гражданско-правовая ответственность по законодательству РК // Ответственность в гражданском праве: Материала международной научно-практической конференции (в рамках ежегодных цивилистических чтений). Алматы, 22-23 мая 2006 года./ отв.ред. М.К.Сулейменов - Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2006 г. с.8-32
6. Кравченко С.Н. Социально-психологические аспекты правовой охраны окружающей среды. Львов: Изд. Львов. гос. ун-та, 1998. - 154с.
7. Байдельдинов Д.Л. Юридическая ответственность за экологические правонарушения: Учебно-методическое пособие. – Алматы: Казахский Государственный Национальный университет им. Аль-Фараби, 1993. – 66 с.
8. Косанов Ж.Х. О проекте Экологического кодекса // Аналитическая записка к проекту Экологического кодекса Республики Казахстан. – Астана. – 2006. – 6 с.
9. Строгович М.С. Сущность юридической ответственности // Советское государство и право. – 1979. - № 5. – С. 73.
10. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі. <http://adilet.zan.kz>

УДК 341.231.14 (342.7)

ЗАЩИТА ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА И ОБЕСПЕЧЕНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Акшалова Роза Джарасовна

rozaakshalova@mail.ru

старший преподаватель кафедры Международного права Юридического факультета,
магистр Международного права, магистр юридических наук

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан